




Автор: Кушкимбаева Фарида Ерахметқызы
Пән: Геометрия
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Төртбұрыштар
Тақырып: Фалес теоремасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Фалес теоремасын біледі, түсінеді Көптеген оқушылар: Есептер шығаруда Фалес теоремасын қолдана алады Кейбір оқушылар: Фалес теоремасын қолданбалы есептер шығаруда қолданады
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: бұрыш, ортақ қабырға, параллель түзулер, тең кесінді Диалогқа қажетті тіркестер: -параллель түзулер дегеніміз..... -тең кесінділер дегеніміз -теорема дегеніміз..... -дәлелдеу дегеніміз.....
Күтілетін нәтиже:	Фалес теоремасын қолдана отырып есептер шығара алады.
Бағалау критерийлері:	-Фалес теоремасын біледі; -Фалес теоремасын қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта, слайдтар
Пәнаралық байланыс:	Тарих, физика
Бастапқы білім:	-параллель түзулер; -кесінділердің теңдігі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-5 мин)	1. Қызығушылықты ояту 2.«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі бойынша оқушылар бір-бірлеріне сұрақтар қояды □ бұрыш дегеніміз не? □ параллель түзулер дегеніміз не? □ кесінді дегеніміз не? 3. Бүгінгі оқу мақсатын айқындау үшін оқушыларға проблемалық сұрақ қойылады: Берілген АВ кесіндісін тең үш бөлікке қалай бөлуге болады? (Оқушылар бүгінгі сабаққа байланысты мақсатын айқындайды)	интербелсенді тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-37 минут)	<p>Мағынаны тану.(интерактивті тақта арқылы мәлімет беру)</p> <p>1. Фалес теоремасы . «Балық қаңқасы» әдісі (оқушылар өздері теореманы дәлелдейді) Дескрипторлар: <input type="checkbox"/> АОВ бұрышын салады; <input type="checkbox"/> параллель түзулер жүргізеді; <input type="checkbox"/> тең кесінділер жүргізеді</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: « Бес сұрақ» әдісі (оқушылар сұрақтар дайындайды)</p> <p>Саралау: ресурс немесе мәтін бойынша саралаймын Фалес теоремасын практикада қолдануға тапсырмалар беріледі:</p> <p>Топтық жұмыс:« Ротация » әдісі</p> <p>№1. Аспалы көпірді бекіту кезінде арқандарды орнату үшін үшбұрышты конструкция қолданылды. Бұл үшбұрыштың төбелерін АВС арқылы белгілеп, АВ ретінде конструкцияның 150 м болатын ең ұзын арқанын қабылдайық. Берілген конструкцияның көлденең бетінде (BC қабырғасы) басқа арқандарды бекітуге арналған екі нүкте белгіленген, олар осы қабырғаны тең 3 бөлікке бөледі. Осы бекіту нүктелері арқылы өтетін арқандардың ұзындықтарын табыңыз, егер олар АВ қабырғасына параллель орналасқаны белгілі болса.</p> <p>Дескрипторлар: <input type="checkbox"/> есеп шартына сай сызбасын салады; <input type="checkbox"/> BC қабырғасындағы нүктелер арқылы АВ қабырғасына параллель түзулер жүргізеді (AB A1B1 A2B2); <input type="checkbox"/> Фалес теоремасын қолданады; <input type="checkbox"/> арқандардың ұзындықтарын табады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау. «Бас бармақ» әдісімен бағалау.</p> <p>Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.</p> <p>Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.</p> <p>Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.</p> <p>Кері байланыс: мұғалім оқушы Саралау: мақсатқа байланысты қолдану үшін берілген тапсырма</p> <p>№2. (жеке жұмыс) Берілген кесіндіні : 1) өзара тең төрт ;2) өзара тең бес кесіндіге бөліңіз Дескрипторлар: <input type="checkbox"/> есеп шартына сай АВ кесіндісін салады; <input type="checkbox"/> кесіндінің басын А және соңы В нүктесін белгілейді; <input type="checkbox"/> кесіндінің ұзындығын өлшеп алады; <input type="checkbox"/> Фалес теоремасын қолданады; <input type="checkbox"/> кесінділерді төрт және бес бірдей бөліктерге бөледі.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: оқушылармен жеке әңгімелесу Саралау : оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау</p> <p>№3. (жұппен жұмыс). Бұрыш қабырғаларымен шектелетін кесіндісі А нүктесінде 2:1 қатынасында бөлінетіндей етіп , бұрыштың ішкі А нүктесі арқылы өтетін түзу жүргізіңдер. Дескрипторлар: <input type="checkbox"/> есеп шартына сай бұрыш салады; <input type="checkbox"/> нүктелерді белгілейді; <input type="checkbox"/> Фалес теоремасын қолданады; <input type="checkbox"/> нүкте арқылы түзу жүргізеді</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Көршіңді тексер» әдісі</p> <p>Кері байланыс : оқушы оқушыға Саралау: оқушының дербестігі мен жауапкершілігі бойынша</p> <p>№4.(Өзіндік жұмыс). BC кесіндісі берілген . Осы кесіндіні: 1) 1:2; 2) 2:3 қатынасында екі бөлікке бөліңдер.</p> <p>Дескрипторлар: <input type="checkbox"/> BC кесіндісін салады; <input type="checkbox"/> Фалес теоремасын біледі; <input type="checkbox"/> кесіндіні екі бөлікке бөледі</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Өзін-өзі » бағалау Саралау: оқушыға жеке қолдау көрсету</p> <p>№5. Оқушылардың алған білімін тексеру мақсатында «Проблемалық есеп» беремін, сонымен оқушылар сабақ басында келесі проблема қойғанбыз және енді шығарайық: Берілген АВ кесіндісін тең үш бөлікке қалай бөлуге болады?</p> <p>Дескрипторлар: -Фалес теоремасын қолданады</p> <p>ҚБ: бірін-бірі бағалау.</p>	<p>Интерактивті тақта, сызғыш, маркерлер, портреттер, флипчарт, оқулық</p> 
Сабақтың соңы (38-39 минут)	<p>. Ой толғаныс: Кесте. Фалес теоремасын қаншалықты меңгергендігін кестеге толтырады (БББ) Білемін Білдім Білгім келеді</p> <p>Үйге тапсырма: №3 , №4</p>	<p>.Оқушыларға БББ кестесін толтыру кестесі</p>
Рефлексия (40 минут)	<p>.Топтық, жұптық, жеке жұмыстар арқылы өзара қолдау, көмек көрсету жүзеге асырылады. Жұмыс жасау кезінде «Ротация » әдісі бойынша топтар басқа топтармен алмасып берілген тапсырмаларын толықтырып, өз ойларын жеткізіп отырды. Оқушылардың білімін саралау мақсатында өзіндік жұмыстарға тапсырмалар берілді.</p>	<p>.АКТ қолдану ережесімен және жеке, жұппен жұмыс, топтық жұмыс жасау ережелерін сақтау</p>